ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

«EDU.E-HISTORY.KZ»
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 4(8) қазан-желтоқсан 2016
ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журнал

2016, № 4(8)

ISSN 2710-3994

EDU.E-HISTORY.KZ

электронный научный журнал

2016, № 4(8)

ISSN 2710-3994

EDU.E-HISTORY.KZ

electronic scientific journal

2016, № 4(8)

Құрылтайшы:
Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Бас редактор
Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа:
Р. Абдуллаев (Өзбекстан), Н. Аблажей (Ресей), Б. Аяған, М. Әбусейітова, С. Әжіғали,
Н. Әлімбай, Б. Байтанаев, Қ. Жұмағұлов, Ғ. Кенжебаев, Б. Көмеков,
Мансура-Хайдар (Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ә. Мұқтар, В. Плоских (Қырғызстан),
Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея), Е. Сыдықов,
У. Фиерман (АҚШ), А.Чубарьян (Ресей)

Жауапты редактор:
З. Төленова

Редактор:
Р. Көбеев

Редакцияның мекен-жайы:
050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ.,
Шевченко көшесі, 28,
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
«Edu.e-history.kz»
электрондық ғылыми журналының редакциясы
Телефон: +7(727)272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Электрондық мекен-жай: https://edu.e-history.kz/

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген.
Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде
міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель и издатель:
РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Главный редактор
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:
Р. Абдуллаев (Узбекистан), Н. Аблажей (Россия), Б. Аяган, М. Абусеитова, С. Ажигали,
Н. Алимбай, Б. Байтанаев, К. Жумагулов, Г. Кенжебаев, Б. Комеков,
Мансура-Хайдар (Индия), Р. Масов (Таджикистан), А. Муктар, В. Плоских (Кыргызстан),
Ю. Петров (Россия), О. Смагулов, Сон Ён Хун (Южная Корея), Е. Сыдыков,
У. Фиерман (США), А. Чубарьян (Россия)

Ответственный редактор:
З. Толенова

Редактор:
Р. Кубеев

Адрес редакции:
050010, Республика Казахстан,
г. Алматы,
ул. Шевченко, 28.
Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова,
«Edu.e-history.kz»
Редакция электронного научного журнала
Телефон: +7(727)272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Сайт журнала: https://edu.e-history.kz/

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетелüство о регистрации:
№ 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

При повторной публикации статей, съемке на микрофильмах и других копиях необходимо обязательно ссылаться на журнал.

Founder and publisher:
RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology"
of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

Editor-in-chief:
Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Editorial board:
R. Abdullaev (Uzbekistan), N. Ablazhey (Russia), B. Ayagan, M. Abuseyitova, S. Azhigali,
N. Alimbai, B. Baitanaev, K. Zhumagulov, G. Kenzhebaev, B. Komekov,
Mansura-Khaidar (India), R. Masov (Tajikistan), A. Muktar, V. Ploskikh (Kyrgyzstan),
Y. Petrov (Russia), O. Smagulov, Song Yong Hoon (South Korea), E. Sydykov,
W. Fierman (USA), A. Chubaryan (Russia)

Executive editor:
Z. Tolenova

Editor:
R. Kobeev

Editorial address:
050010, Republic of Kazakhstan,
Almaty,
28 Shevchenko Str.
Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,
«Edu.e-history.kz»
Editorial electronic scientific journal
Phone: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Journal website: https://edu.e-history.kz/

The scientificjournal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, r
egistration certificate:
No. 14602-ИА dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

When re-publishing articles, shooting on microfilm and other copies, it is necessary to refer to the journal.

ӘӨЖ 94(574) «15»

XV Ғ. І ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ӘБІЛҚАЙЫР ХАНДЫҒЫНЫҢ ТАРИХЫНАН

Кәрібаев Б.Б.[1], Ноғайбаева М.С.[2]

[1]әл-Фараби атындағы Қазақ ұлт 15тық университеті Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д. Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы. E-mail bereket.bk@mail.ru
[2]әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарих, археология және этнология факультетінің деканы, т.ғ.к., доцент. Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы. E-mail nmendigul@mail.ru

Аңдатпа. Автор мақаласында XV ғасырдың бірінші жартысында Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы «көшпелі өзбектер» мемлекеті тарихының кейбір мәселелерін қарастырады. Бұл мемлекеттің тарихына арналған алғашқы монографиялық еңбектің жарыққа шыққанына жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ондағы кейбір тұжырымдар әлі күнге дейін қолданыста келетінін автор сынға алады. Сондай тұжырымдардың біріне - «Әбілқайыр Дешті Қыпшақта 40 жыл билік құрды» деген тұжырым жатады. Автор соңғы зерттеулер мен дерек мәліметтерін терең талдай отыра, мұндай тұжырымның шынайы емес екендігін дәлелдеуге тырысады. Сөйтіп, автор мақаласында бұл мәселеге байланысты жеке өзінің тұжырымын алға тартады.
Түйін сөздер: Б.А.Ахмедов, Әбілқайыр хан, Шибан ұлысы, «көшпелі өзбектер» мемлекеті, Дешті Қыпшақ, Алаш-бахадүр, Едіге би.

ИЗ ИСТОРИИ ХАНСТВА АБУЛХАЙЫРА В I-ПОЛОВИНЫ XV ВЕКА

Кәрібаев Б.Б., Ноғайбаева М.С.

Аннотация. В статье автор рассматривает некоторые вопросы истории государства «кочевых узбеков» в первой половине XV века на территории Восточного Дешти Кыпчака. Автор критикует некоторые действующие выводы первой монографи, которая вышла в свет полувека назад, посвященной истории этого государство. Вчисле подобных выводов что «Абилхайыр властвовал в Дешти Кыпчаке 40 лет» так же присутствует. Автор, глубоко анализируя данные последних исследований и фактов, пытается доказать, что такое заключение не правдоподобно. В статье, таким образом, автор ссылается на свои личные выводы.
Ключевые слова: Б.А. Ахмедов, Абилкайыр хан, улус Шибан, государство «кочевых узбеков», Дешти-Кыпчак, Алаш бахадур, Едиге би.

FROM THE HISTORY OF THE KHANATE ABULKAYYR IN THE I-HALF OF THE XV CENTURY.

Karybaev B.B., Nogaibayeva M.

Abstract. In the article the author considers some issues "nomadic Uzbeks" State history in the first half of the XV century in Eastern Desht-i Kipchak. The author criticizes some of the findings of the first monograph, which was published half a century ago, on the history of this state. In the number of such conclusions that "Abilkayyr ruled in Kypchak Deshti 40 years" is also present. By deeply analyzing data from recent studies and evidence, trying to prove that such a conclusion is not true. Thus, in the article, the author refers to his personal conclusions.

Keywords: B.A Akhmedov, Abilkayyr Khan, Shiban state, "the nomadic Uzbeks", Dasht-i-Kipchak, Alash Bahadur, Edige bi.

(Әл-Фараби атындағы Қаз ҰУ Хабаршысы, тарих сериясы. №3(82) 2016. 120-126 - бб.)

Әбілқайыр хандығы – XV ғасырда Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы Ақ Орда хандығы мен Қазақ хандығын байланыстырушы саяси құрылым ретінде белгілі. Мемлекеттілік және этникалық тұрғыдан оның атауы ғана өзгеше болып көрінгенімен, оның тарихы XV ғасырдағы қазақ тарихының құрамдас бір бөлігі болып саналады. Ол мемлекеттің тарихы - Қазақ хандығының құрылуының саяси және этникалық алғышарттарымен тікелей байланысты және сонысымен өте өзекті.

Кешегі кеңестік, бүгінгі Отандық тарихнамада Әбілқайыр хандығының тарихына арналған зерттеулер өте аз. Жекелеген зертеу мақалаларынан басқа бір ғана монографиялық еңбек жарық көрген екен. Ол – XX ғасырдың 60-шы жылдары жарық көрген Б.А.Ахмедовтың «Государство кочевых узбеков» атты еңбегі. [1] Кітаптың жарыққа шыққанына жарты ғасырдан астам уақыт өтті. Автордың тақырып шеңберінде жасаған тұжырымдары әлі күнге дейін мәселенің тарихнамасы бойынша кең таралған тұжырымдар қатарына жатады.

Қазіргі күнде автордың кейбір тұжырымдарының ескіре бастағанын көреміз. Кезінде Б.А.Ахмедовтың еңбегіне ғылыми сын-пікірді белгілі шығыстанушы - ғалым В.П. Юдин берген болатын. Оның білдірген сын-пікірін - нағыз классикалық үлгідегі сын-пікір деуге болады. Ол «Б.А. Ахмедовтың зерттеуі – XV ғасырдағы Шығыс Дешті Қыпшақта өмір сүрген өзбектердің тарихи жолын жүйелеп, ғылыми тұрғыда зерттеуге арналған алғашқы ұмтылыс», - дей келе, зерттеудегі көптеген қате пікірлер мен кемшіліктерді нақты-нақты атап көрсетіп береді де, кітап жөнінде «Б.А. Ахмедов пайдалы кітап жазған», - деген жалпы тұжырым жасайды[2, 261-270 - бб.]. Біз өз тарапымыздан еңбектің маңыздылығына автордың монографиялық деңгейде мәселені алғаш көтеруін, еңбектегі фактологиялық материалдардың молдылығын жатқызамыз. Қазіргі күнгі тарих ғылымының деңгейінен қарасақ, монографияда бірталай кемшін тұстар кездеседі. Олар мыналар:

1) Жап-жас Әбілқайырдың билікке келуінің және де оны жергілікті ру-тайпа басшылары мен дін басылары қолдауының себептері ашылмай қалған;

2) 1446-1468/69 жж. Әбілқайыр ханның Мауереннахрдағы Ақсақ Темір ұрпақтарымен жүргізген саясаты, қарым-қатынастары жан-жақты қарастырылмай бар болғаны бір-ақ сөйлеммен берілген;

3) Әбілқайыр ханның Моғолстанға жасаған ең соңғы жорығының мақсаты, бағыты, барысы туралы ештеңе айтылмайды және т.б.

Аталмыш еңбек жарыққа шыққаннан кейін кеңестік тарихнамада «Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында «көшпелі өзбектер» мемлекеті 40 жылдан астам өмір сүрді», «Әбілқайыр ханның билігі 40 жылдан астам уақытқа созылды» деген тұжырымдар берік орнығып, ол әлі күнге дейін қазіргі кезеңдегі тарихнамамызда жетекші пікірлердің бірі болып отыр. Осы тұжырымдарға байланысты біз осы жұмысымызда өзіндік ой-пікірлерімізді білдірмекпіз.

1428 жылы Барақ ханның қаза табуынан кейін бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында, оның ішінде аумақтың батыс бөлігіндегі Шибан Ұлысында да феодалдық тартыс-тартыстар күшейе түскені белгілі. Кухистанидың дерегінде Едіге бидің ұлдарының бірі - Ғази бидің билігі, оның саясатына наразы бір топ әмірлер мен бектердің одан бөлініп, шибанилық Жұмадық ханға келуі, хан тарапынан маңғыт әмірлерінің жылылық пен қайырым көрмей тағы да қашып кетуі, сөйтіп Жайтар Жалқын деген жерде оларың бас қосуы туралы айтылады да, одан ары оларға қарсы Жұмадық ханның 70 мыңдық әскер жасақтап, әскердің сол қанатында Әбілқайырдың болғандығы баяндалады[3,141-147 – бб.]. Одан ары дерек мәліметінде екі жақ арасында кескілескен қанды шайқастың болып, Жұмадық хан әскерінің жеңілгендігі, ханның қаза тауып,

ал 16 жастағы Әбілқайырдың тұтқынға түскендігі айтылып өтіледі[3,142–б.]. Б.А.Ахмедовтың пікірінше, Жұмадық ханның өзі және әскерінің көптеген қолбасшылары тұтқынға алынып, кейін маңғыт әмірлерінің жарлығымен өлтірілген.[1,46 – б.]. Ал Кухистани болса, «бұл ұрыста Көктегі жарылқаушының қалауымен Жұмадық хан қаза табады», - деп нақтылап айтады [3,142- б.].

16 жасар Әбілхайырды маңғыт әмірлерінің бірі аса жоғары құрмет көрсетіп, оның кейін оралуына жағдай жасайды. Әбілқайыр сол жылдың желтоқсанынан келесі жылдың наурызына дейін батыс өңірдегі аймақтың басшысы, өте беделді және ықпалды тұлға – Алаш-баһадүрдің жұртында қыстап шығады[3, 142 – б.]. Осы кезде Шибан ұлысының болашақ тағына үміткер анықталған секілді. Алаш-баһадүр өзінің жұртында Шыңғыс ұрпағының және жай ғана ұрпағы емес, Шибан ұлысын XIII ғасырдан бері басқарып келе жатқан әулеттің тікелей ұрпағы бар екендігін көршілес өңірлердегі барлық ру-тайпа басшыларына хабарлаған секілді. Көктем шыға Әбілқайыр өз жұртына қайтып оралады. Сол жылы-ақ Әбілқайырды ірі дін басылары - Құл-Мұхаммед Сейд, Қара Сеид, сондай-ақ қият, маңғыт, шынбай, иджан, қаанбайлы, табгут, дурман, құсшы, отаршы, найман, өкіреш найман, тубай, таймас, уат, қытай, барақ, ұйғыр, қарлұқ, кенегес, уйшін (үйсін), қоңырат, құрлауыт, ички, туман, туман-минг және тағы басқа ру-тайпалар басшылары мен Шадбақыт оғлан, Темір оғлан, Мұрат-сопы оғлан секілді Шыңғыс әулетінің өкілдері, тархан лауазымын иеленген бірнеше белді тұлғалар хан етіп көтереді[3, 143 – б.]. А.Б.Ахмедов Махуд бен Уәлидің дерегіне сүйеніп «сол кезде оны (Әбілқайырды – Б.К.) рулар мен тйпалардың 200-ге жуық көрнекті басшылары қолдады», - деп жазады[1,46–б.]. Кухистани Әбілқайырдың билікке келген жылын былай деп көрсетеді: «Он жеті жасында, сегіз жүз отыз үшінші жылы биджин, яғни мешін жылы (1428/1429 жж) [Әбілқайыр] мемлекет тағына келіп отырды» [3,46 – б.]. Осылайша, 17 жасар Әбілқайырдың Шибан ұлысы мен Шығыс Дешті Қыпшақтағы билігі басталады.

Билікке келген Әбілқайыр ханның басты мақсаты Шибан ұлысындағы саяси бытыраңқылықты жойып, ұлыстың тұтастығын қалпына келтіру болды. Бұл мақсат оны билікке әкелген ірі дін басшылары мен ру-тайпа басшыларының да мүдделерімен ұштасып жатқан болатын. Дінбасылары үшін кішігірім, дербес ұлыстарда жеке-жеке діни кеңістіктің пайда болуы үлкен қауіп туғызып отырды. Әрбір жеке ұлыста бір-біріне қайшы келетін діни бағыттар тарап кетсе, онда ол өз кезегінде әртүрлі мұсылмандық топтардың пайда болуына әкеп соғары сөзсіз болатын. Сол себепті де ұлыстың түгелдей бір саяси кеңістікте болуы әртүрлі бағыттарға жол бермейтін бірден-бір ұстаным болып есептеледі. Ал ру-тайпа көсемдеріне келсек, олардың қоластындағы елдің көшіп-қонуы үшін үлкен кеңістіктің қажет екендігі белгілі жайт. Көшпелі мал шаруашылығы үшін орасан зор шаруашылық кеңістіктің саяси тұрғыда жеке-жеке саяси кеңістіктерге бөлінуі мал шаруашылығының дамуына кедергі келтіріп отырды. Сол себепті де ру-тайпа басшыларына жеке-жеке саяси кеңістіктен гөрі ортақ саяси кеңістіктің болғаны өте тиімді болды.

Саяси бытыраңқылық сауда-саттыққа де кедергі келтіріп отырғандықтан, саудагерлер тобы да бір аймақта бір саяси кеңістіктің болуына өте мүдделі болды. Ал Әбілқайыр хан үшін сонау XIII ғасырдан бері ата-бабалары үзбей билік жүргізіп келген ұлыстың бірнеше ұлыстарға бөлініп, онда жеке дара билік жүргізген хандардың болуы өте тиімсіз болды. Ол Шибан ұлысында бір ғана биліктің, Шибан әулеті билігінің қайта қалпына келтірілуін көздеді. Осылайша, Әбілқайыр хан мен оны жақтаған әулет өкілдерінің, қолдау көрсеткен дін басылары мен ру-тайпа көсемдерінің мақсат-мүдделері бір арнаға тоғысып, бір бағытқа жұмылдырылады.

Әбілқайыр хан өзінің жақтаушылары мен қолдаушылардың арқасында Шибан ұлысын біріктіру жолындағы күрестерде бірден ірі-ірі табыстарға қол жеткізеді. Жас ханның алғашқы жорығы сол аймақтың саяси, әкімшілік және экономикалық орталығы болған Тура (Тара) қаласына бағытталып, ұрыссыз жеңіске қол жеткізеді. Адаб-бек, Кепек-қожа секілді әкімдер Әбілқайыр ханның билігіне бірден мойынсұнады [3,144 – б.].

Б.А. Ахмедов Әбілқайыр ханның Тура қаласын алғаннан кейін өз атына хутба оқытып, ақша соқтырғандығын және қаланы 1446 жылға дейін өзіне астана еткендігін атап көрсетеді[1,48-б.]. Бұл жеңіс - Әбілқайыр ханның Шибан ұлысын біріктіру жолындағы алғашқы жеңісі болды. Ол Әбілқайыр ханды жаңа жорықтарға аттануға итермелейді. Сондай-ақ бұл жеңіс туралы хабар жан-жаққа тез тарап, Шибан әулетінің өкілдерін, Әбілқайыр ханның туыстарын, сонымен бірге кейбір ру-тайпа көсемдерін жас ханның төңірегіне топтастырады да, олар ханның күшін арттырып, Әбілқайырдың келесі, жаңа жорықтарына белсене қатынасады.

1430/31 жылы Әбілқайыр хан Тобыл өзені маңында шибанилық Махмұд қожа ханның әскерін талқандап, оның ұлысын өзіне қосады[3,146-149 - бб.]. Кухистани Әбілқайыр ханның бұл жеңісінен кейін Дешті Қыпшақтың көп бөлігінің ханның қол астында бағынғандығын атап өтеді[3, 149 – б.]. Шынында да, Әбілхайыр ханның жеңісті екі жорығы нәтижесінде бытыраңқы Шибан ұлысының басым бөлігі біріктіріледі. Сөйтіп ол Шибан ұлысының жеке-дара билеушісіне айналады. Одан әрі ол өзінің бүкіл Дешті Қыпшақтағы позициясын нығайту үшін және Орта Азиямен экономикалық байланыстарда жетекшілік роль атқару үшін келесі жорығын 1431/1432 жылы Хорезмге бағыттайды.

Әбілқайыр хан Хорезмнің астанасы Үргеніштi тез алады, бірақ онда тұрақтап қала алмайды. Оның Хорезм өңірінен тез кетуін жазба дерек мәліметтері, сондай-ақ зерттеушілер әртүрлі себептермен түсіндіреді. Кухистанидың дерегінде ол жөнінде мынадай мәлімет айтылады: «Хорезм қаласы мен сол уалаяттың тұрғындары біршама уақыт қайнаған ыстық күннің астында және Сүлеймен секілді қайырымды патша [Әбілқайыр ханның] қарамағында болып еді, Хорезмде оба ауруы пайда болды»[3, 152 – б.]. Одан әрі автор Дешті Қыпшақтың таза ауасына үйренген Әбілқайыр хан әскерінің белді адамдарына Хорезмнің жаман ауасының жақпай, ауыра бастағанын, соған байланысты әскер басшыларының ханға келіп, әскерді оба ауруы мен күннің шыжыған ыстығынан құтқарудың жалғыз жолы Дешті Қыпшаққа оралу екендігі жөнінде кеңес, өтініш бергендігін баяндайды. Әмірлері мен кеңесшілерінің [осы] өтініштері негізінде [Әбілқайыр хан] кейін қайтуға шешім қабылдап, [өзінің] ордасы жағына бет алды», - деп нақтылап түсіндіреді Масуд ибн Осман Кухистани[3, 152 – б.]. Дәл осы жылдары осы аймақта қатты құрғақшылық пен оба ауруының індет болып кең жайылып тарағанын, одан көп халықтың құрылғанын 1364/65-1441/42 жж. өмір сүрген араб тарихшысы Абу Аббас Ахмед Такмаддин Ал-Макризидың «Книга путей для познания» атты кітабында баян етеді[4, 442 – б.]. Ал темірлік әулеттің тарихшысы Абд ар-Раззак Самарканди дерегінде (1413-1482) оба ауруы және күннің ыстығы Әбілқайыр ханның кейін оралуына себеп болды деп айтылады[5, 198 – б.]. Одан әрі Абд ар-Раззак Самарканди «834 жылы (19. IX. 1430-8.IX.1431) Хорезммен Шахрухқа хабаршы келіп, өзбек әскерлерінің Хорезмді басып алды, үлкен тонаушылықтар мен талан-тараждар жасады және қайтадан өздерінің Дешті Қыпшағына қайтып кетті»,- деп хабар береді де, «Ол (Шахрух) сол өңірді бірнеше әмірге тапсырды, [ол] әмірлер батырлық пен қайсарлық көрсетіп, өзбек ұлысына шабуыл жасап, оларды жойды, қалғандарын қашырып жіберді», - деп жазады[5, 198 –б.]. Енді осы дерек мәліметіне терең үңілсек. 1430-1431 жылы Гераттағы Шахрухқа келген хабаршы өзбек әскерінің Хорезмді жаулап алып, тонаушылыққа ұшыратқанын және өзбек әскерінің, яғни Әбілқайыр хан әскерінің кейін қайтып кеткендігін жеткізеді.

А.А. Семенов Әбілқайыр ханның Хорезмнен кетуінің себебін оба ауруының таралуымен байланыстырса, Б.А. Ахмедов осы себепті және Кіші Мұхаммед ханның ұлдары: Махмуд хан мен Ахмед ханның Әбілқайыр ханның ұлыстарына төндірген қауіптері де себеп болғандығын атап көрсетеді[6, 51 – б.; 1, 48 –б.].

Біз Б.А. Ахмедовтың осы пікіріне толығымен қосыламыз. Әбілқайыр ханның келесі жорығының Ахмед хан мен Махмуд ханға қарсы бағытталуы Б.А. Ахмедов пікірінің дұрыстығын көрсетеді. Хорезм жорығынан оралғаннан кейін Әбілқайыр хан бірден ағайынды хандарға қарсы жорыққа мұқият әзірленіп, аттанып кетеді. Бұл жорық және оның барысы туралы шайбанилық әулеттің тарихшысы Масуд ибн Осман Кухистани жақсы баяндап береді. Оның мәліметтеріне

қарасақ, Махмуд хан мен Ахмед хан Әбілқайыр ханға тәуелді болып, оған бағынудан бас тартқан да, бүліктер жасаған[3, 153 – б.]. Ал басқа ешбір жазба деректе Кіші Мұхаммед хан ұлдарының Әбілқайыр ханға тәуелді болғандығы туралы айтылмайды. Б.А. Ахмедов болса бұл мәселеден айналып өтіп, бірден екі жақ арасында болған шайқасты талдайды. Әбілқайыр хандығының тарихы үшін бұл мәселенің өзіндік маңызы болғандықтан, оған арнайы тоқтала кетелік.

Әбілқайыр ханың қарсыластары болған Ахмед хан мен Махмуд хандар Алтын Орда тарихында із қалдырып, хан болған тарихи тұлғалар: Темір-Мәліктің, Темір-Құтлықтың және оның ұлы Кіші Мұхаммедтің тікелей ұрпақтары болып келеді[7, 40- б.; 8, 116 – б.; 9, 520-521 – бб.].

М.Г. Сафаргалиев Алтын Ордада XIY ғасырдың соңы мен XY ғасырдың алғашқы 30 жылы ішінде Тоқтамыс ханның бес ұлы, Темір Мәліктің бес ұрпағы және Хасанның ұлы Ұлұғ Мұхаммедтің билікте болғандығын айта келе, 1437 жылдан бастап Алтын Орда тағының иесі Кіші Мұхаммед хан мен оның ұрпақтары екендігін атап өтеді де, өзі құрастырған «Алтын Орда хандарының шежіресі» атты кестеде ол туралы нақты көрсетіп береді[9, 520-521 - бб.]. Кіші Мұхаммед хан Алтын Орда тағын иеленгенге дейін Астрахан аймағында болады. Оның атасы Темір-Құтлық хан 1396 жылдан бастап осы өңірді өзінің қол астына ұстап тұрады. Қадырғали Жалайырдың дерегі бойынша Темір Құтлық Еділ бойындағы Қажы тарханда қожалық етіп, Едіге бимен бірге бірі хан, бірі би болған[8, 116 - б.]. В.В. Вельяминов-Зернов та XYI ғасырда ноғай мырзалары Астраханды – «Темір Құтлұғ патшаның жұрты» деп атайтындығын айтады[10, 123 – б.].

Осылайша, Ақсақ Темірдің Алтын Ордаға қарсы жасаған жойқын жорығынан кейін, Еілдің батыс жағындағы ұлыстар мен өңірлер қатты күйзіске ұшырап, көптеген ру-тайпалар басқа жақтарға қоныс аударса, кейбір ұлыстарда билеушілер ауысып, жаңалары келеді. Темір Құтлұғтың ұрпақтары Астраханда орын теуіп, 1459 жылы оның ұрпақтарының бірі – Махмуд хан дербес Астрахан хандығының негізін қалайды. 1430-шы жылдардағы Астрахан иелігінің шығыстағы шекарасына көз салсақ, оның Маңғыт ұлысы мен Еділ өзені арқылы түйісіп жатанын көрміз. Еділден шығысқа қарай Ембіге дейінгі аралықта маңғыт рулары көшіп-қонып жүрді. Ал сол кездегі маңғыт биі Оқастың Әбілқайыр ханның жағында болғандығын деректердің бәрі бір ауыздан мақұлдайды[7, 16-17 – бб.; 3, 143 – б.; 8, 120 – б.]. Едігенің немересі Оқас бидің шибанилық Әбілқайыр ханға өте жақын болуы, оны билікке әкелуге қатысып, оның жорықтарына белене атсалысуы Темір Құтлығ ханның ұрпақтары Ахмед хан мен Махмуд хандарға ұнамаған секілді. Бұл екеуін жазба деректер 1430-шы жж. басында «хан» лауазымын атағанымен, олар әлі хандық биліктің иеленбеген болатын. Тек әкелері Кіші Мұхаммед хан 1459 жылы қайтыс болғаннан кейін ғана Махмуд – Астраханда, Ахмед – Үлкен Ордада хандық билікке келеді. Ал оған дейін ағайынды екі сұлтан Астраханның шығыс өңіріндегі маңғыттармен шектес ұлыстарда билік жүргізген деп есептейміз.

Біздің ойымызша, 1428-29 жылы билікке келіп, 1431/32 жылға дейін бүкіл Шибан ұлысын біріктіріп, тез күшейе бастаған Әбілқайыр ханнан қауіптеніп, екі сұлтан оны әлсірету мақсатында қарсы әрекеттер жасаған секілді. Қалай десек те, Кухистани айтып отырған ағайынды Ахмед пен Махмудтың Әбілқайыр ханға қарсы бүлік жасады деген дерегі сенімсіз. Мүмкін, шайбанилық әулеттің тарихшысы Әбілқайыр ханның Шыңғыс ұрпақтарына қарсы жасаған жорығын ханды ақтау үшін жазған шығар. Мүмкін, маңғыт биі Оқастың Әбілқайыр ханның жанында жүруіне байланысты оның Еділ мен Жайық, Жайық пен Ембі аралықтарындағы иеліктеріне ағалы-інілі екі сұлтан жорықтар жасаған шығар. Міне, осындай себептерге байланысты Әбілқайыр хан өзінің төртінші жорығын Кіші Мұхаммед ханның ұлдарына қарсы бағыттайды.

Жалпы алғанда, жорықтың барысы мен оған қатынасқан ру-тайпа көсемдері, шайқастың өтуі мен нәтижесі Кухистани еңбегінде жақсы баяндалған[3, 153-156 – бб.]. Әбілқайыр хан бұл шайқаста да жеңіске жетеді. Орда Базарда Әбілқайыр ханның атына хұтба оқылып, ақша соғылады. Деректе Орда Базар – Дешті Қыпшақтың астанасы делінеді, ал дерекке түсініктеме

берушілер «хандардың Ордасы әдетте осылай аталаған». «Тарих-и Абулхайр-ханида» кезінде Батыйдың ордасы болған Орда Базар туралы айтылып тұр», - деп жазады[3, 155 – б.].

1431/32 жылғы Әбілқайыр ханның батыстағы жеңісі оның беделін арттырады, бірақ ол ұзаққа созылмайды. Махмуд ибн Уәлидің дерегінде Ахмед пен Махмуд хандардың 1431 жылғы жеңілістен кейін «мұра еткен таққа қайта отырғандығы» айтылады[3, 155 – б.]. Жалпы алғанда, Әбілқайыр хан 1429-1431/32 жылдары Шибан ұлысын қалпына келтіру ісін аяқтап, өзінің алғашқы мақсатына жетеді.

1431/32-1446 жылдары Әбілқайыр ханның өміріне қатысты деректер жоқ. Егерде ол бір жаққа жорық жасаған болса, онда ол туралы деректерде айтылған болар еді. Соған қарап оның осы кездегі 14-15 жылдық өмірі өз ұлысында өткен деп есептейміз. Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында бұл жылдары жеке-жеке өмір сүріп жатқан бірнеше ұлыстар бар болатын. Олар: Есіл мен Ертіс өзендерінің аралығындағы шайбанилық Мұстафа ханың ұлысы, Сырдың төменгі ағысы бойындағы шайбанилық Буреке сұлтанның ұлысы және Сырдың орта ағысы бойындағы ордаежендік Керей мен Жәнібек сұлтандардың ұлыстары еді. Шамасы оларға қарсы күресу үшін Әбілқайыр ханның күші жетпей, ол қолайлы сәтті күткен секілді. Әбілқайыр хандығының саяси тарихындағы бұл жылдар тыныштық, бейбіт кезеңге жатады.

Әбілқайыр хандығының тарихындағы келесі, үшінші кезең – 1446 жылдан басталады. 1429 жылы 17 жасар Әбілқайырды ру-тайпа көсемдері мен дін басылары қолдап, бытырап жатқан Шибан ұлысын біріктіру үшін билікке әкелсе, енді 34 жастағы хан бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақты біріктіріп, бүкіл аумақта өзінің жеке-дара билігін орнату үшін күресін бастайды.

Күрестің басталуына маңғыт биі Оқас пен шибанилық Мұстафа ханның жақындаса бастауы түрткі болады. Кухистани ол туралы былай деп жазады: «... [оның] (Әбілқайыр ханның – Б.К.) жеңімпаз күзетшілері ханға келіп, Мұстафа ханның өте көп әскермен және Оқас бидің қолдауымен (Әбілқайыр ханға) қарсы жорыққа дайындалып жатқанын жеткізді...»[3, 156 – б.]. Хабарды естіген хан Мұстафа ханның жорығын күтпей, оларға өзі қарсы аттанады да, Орталық Қазақстандағы Атбасар өзенінің маңында ұрысқа түседі. Бұл шайқаста Әбілқайыр хан жеңіске жетіп, Мұстафа хан болса, кейін қашуға мәжбүр болады [3, 158 – б.].

Мұстафа ханды жеңіп, оның ұлысын өзіне қосып алған Әбілқайыр хан бірден келесі жорығына дайындалады. Кезекті жорықты хан Сырдың орта ағысы бойындағы Сығанақ өңіріне бағыттайды. Ол туралы дерек мәліметінде «қыстап шығу үшін хан Сығанақты бағындыруды қажет деп тапты», - делінеді [3, 158 – б.].

Әбілқайыр ханның Сыр бойындағы аймақтарды қалай бағындырғанын деректер мәлімдемейді. Соған қарағанда ол бұл аймақты көп қиындықсыз алған секілді. Шибанилық хан аймақтың Сығанақ, Аққорған, Аркөк, Созақ, Өзгент секілді қалаларын өзінің әмірлері мен қолбасшыларына басқаруға береді. Ханның өзі алғаш рет осы өңірде қыстап шығады. Ал 1446 жылдан бастап Сығанақ Әбілқайыр хандығының астанасына айналады.

Әбілқайыр ханның Мұстафа ханды жеңіп, Сырдың орта ағысы бойындағы қалалар мен өңірлерді иеленуі оны Шығыс Дешті Қыпшақтың толыққанды және жеке дара билеушісі етеді. Саяси жағынан алғанда ол Барақ ханнан кейінгі бүкіл Шығыс Деші Қыпшақты бір саяси құрылымға біріктіреді. Саяси бірігу этникалық біртұтас кеңістікті де қалыптастырып, тарихи әдебиеттерде жаңа этноқауымдастық «көшпелі өзбектер» деп аталына бастайды.

1446 жыл - Әбілқайыр ханның жеке билігі мен оның хандығының қуатының өсіп, ең шегіне жеткен жыл болып саналады. Міне, осы кезден бастап Әбілқайыр ханды Шығыс Дешті Қыпшақтың нағыз жеке-дара билеушісі деуге болады. Одан кейінгі 1446-1457 жылдар мен 1457-1469 жылдар Әбілқайыр хандығының тарихындағы күшею мен құлдырау кезеңдеріне жатады.

Осылайша, жоғарыда қарастырған мәселелерімізді түйіндей келе, біз «Әбілқайыр хан Дешті Қыпшақта 40 жылдан астам хан болды» деген тұжырымның нақты емес екендігіне көз жеткізіп, ол 1428 жылы Шибан ұлысындағы көп ұлыстың біріне ғана хан болып сайланған, 1431-32 жылы ғана атасының ұлысын жеке-дара билеген, ал 1446 жылы Сыр бойын иеленгеннен кейін ғана оны

бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақтың ханы болған деген қорытындыға келеміз.

Әдебиеттер

1.Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. М.,1965.

2.Юдин В.П. Рецензия на «Государство кочевых узбеков» Б.А. Ахмедова // В кн.: Юдин В.П. Центральная Азия в XIY-XYIII веках глазами востоковеда. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2001.

3.Тарих-и Абу-л-хайр-хани. // Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) / Сост.: С.К.Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А.Пищулина, В.П. Юдин. – Алма-Ата, 1969. – 652 с.

4.Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. В.Тизенгаузена. – Т.1. Извлечения из сочинений арабских. – СПб., 1884.

5.Абд-ар-Раззак Самарканди. Места восхода двух счастливых звезд и места слияния двух морей. // Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. - Т.II. Извлечения из персидских сочинений. Собранные В. Тизенгаузеном и обработанные А.А.Ромаскевичем и С.Л.Волиным. – М.-Л., 1941. –308 с.

6.Семенов А.А. К вопросу о происхождении и составе узбеков Шейбани-хана // МИТУСА. Вып. I. ТИИАЭ АН Тадж.ССР. – Т. XII. –Столинабад, 1954.

7.Таварих-и гузида-йи нусрат-наме // Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) / Сост.: С.К.Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А.Пищулина, В.П. Юдин. – Алма-Ата, 1969. – 652 с.

8.Қадырғали Жалайыр. Жылнамалар жинағы / Шағатай-қазақ тілінен аударып, алғы сөзін жазғандар Н. Мигулов, Б. Көмеков, С. Өтениязов. – Алматы, 1997.

9.Сафаргалиев М.Г. Распад Золотой Орды. // В кн.: На стыке континентов и цивилизации... (из опыта образования и распада империй X-XYI вв.) – М., 1996.

10. Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о Касымовских царях и царевичах. Ч.2. – СПб.; 1864.

References

1.Ahmedov B.A. Gosudarstvo kochevyh uzbekov. M.,1965.

2.Yudin V.P. Recenziya na «Gosudarstvo kochevyh uzbekov» B.A. Ahmedova // V kn.: Yudin V.P. Central'naya Aziya v XIY-XYIII vekah glazami vostokoveda. – Almaty: «Dajk-Press», 2001.

3.Tarih-i Abu-l-hajr-hani. // Materialy po istorii Kazahskih hanstv XV-XVIII vekov (Izvlecheniya iz persidskih i tyurkskih sochinenij) / Sost.: S.K.Ibragimov, N.N. Mingulov, K.A.Pishchulina, V.P. Yudin. – Alma-Ata, 1969. – 652 s.

4.Sbornik materialov, otnosyashchihsya k istorii Zolotoj Ordy. V.Tizengauzena. – T.1. Izvlecheniya iz sochinenij arabskih. – SPb., 1884.

5.Abd-ar-Razzak Samarkandi. Mesta voskhoda dvuh schastlivyh zvezd i mesta sliyaniya dvuh morej. // Sbornik materialov, otnosyashchihsya k istorii Zolotoj Ordy. - T.II. Izvlecheniya iz persidskih sochinenij. Sobrannye V. Tizengauzenom i obrabotannye A.A.Romaskevichem i S.L.Volinym. – M.-L., 1941. –308 s.

6.Semenov A.A. K voprosu o proiskhozhdenii i sostave uzbekov Shejbani-hana // MITUSA. Vyp. I. TIIAEH AN Tadzh.SSR. – T. XII. –Stolinabad, 1954.

7.Tavarih-i guzida-ji nusrat-name // Materialy po istorii Kazahskih hanstv XV-XVIII vekov (Izvlecheniya iz persidskih i tyurkskih sochinenij) / Sost.: S.K.Ibragimov, N.N. Mingulov, K.A.Pishchulina, V.P. Yudin. – Alma-Ata, 1969. – 652 s.

8.Qadyrgali Zhalajyr. Zhylnamalar zhinagy / Shagataj-qazaq tilinen audaryp, algy sozin zhazgandar N. Migulov, B. Komekov, S. Oteniyazov. – Almaty, 1997.

9.Safargaliev M.G. Raspad Zolotoj Ordy. // V kn.: Na styke kontinentov i civilizacii... (iz opyta obrazovaniya i raspada imperij X-XYI vv.) – M., 1996.

10. Vel'yaminov-Zernov V.V. Issledovanie o Kasymovskih caryah i carevichah. Ch.2. – SPb.; 1864.

МАЗМҰНЫ

Абдимомынов Н.Т.
АЛТЫН ОРДАНЫҢ САЯСИ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ (1242-1269 жж.).....8
Алдажұманов Қ.С.
СОҒЫС КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚТЫ АЗЫҚ-ТҮЛІКПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ КАРТОЧКА ЖҮЙЕСІ (1941-1945).....20
Алмагамбетова А.М.
1959-1970 ЖЖ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАРИХИ-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АНАЛИЗЫ.....28
Алпысбес М.
ЖАҺАНДАНУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ХАЛЫҚТАР БІРЛІГІН НЫҒАЙТУДАҒЫ ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ РУХАНИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ТАРИХ МҰРАЛАРЫ.....37
Асанова С.А.
ТАРИХИ ӘҢГІМЕ-ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ.....48
Әбділдабекова А.М.
XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ОТАРЛЫҚ КЕЗЕҢДІ БАҒАЛАУ....53
Әбжанов Х.
АКАДЕМИКТІҢ АМАНАТЫ.....58
Әбубәкірова Ә.П.
ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ АРАСЫНДАҒЫ ШЕКАРАЛЫҚ КЕЛІССӨЗДЕР МӘСЕЛЕСІ.....64
Әділжанов Н.
ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР: ФОРМАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТТІК ҚҰБЫЛЫС РЕТІНДЕ (ТАРИХИ-САЯСИ АСПЕКТІ).....72
Баудиярова К.Б.
ОТБАСЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН АНЫҚТАУДАҒЫ ТҮРЛІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР.....82
Егізбаева М.Қ., Бейсегулова А.Қ.
ӨЗБЕК ЖӘНЕ ҚАРАҚАЛПАҚ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИЕТІ.....89
Жайлыбаев Д.Ж.
ҚАЗАҚТАРДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚҰҚЫҒЫ ТУРАЛЫ РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ ЖАЗЫЛҒАН ЕҢБЕКТЕР.....95
Жакин М.С.
БӨРІ БАТЫР: АҢЫЗ ЖӘНЕ ДЕРЕК (сыни талдау тәжірибесі).....99
Жаппасов Ж.Е., Тасилова Н.А., Байдавлетова М.Д.
ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ БОЙЫНША ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР.....113
Жетписбаев А.О.
XIX-XX ҒҒ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ: ХАЛЫҚ САНАҒЫ: ХАЛЫҚ САНАҒЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША.....122
Искакова Ғ.З., Байдавлетова М.Д.
ТҮРКІ ТАЙПАЛАРЫ МЕКЕН ЕТКЕН ТЕРРИТОРИЯНЫҢ ТАБИҒИ ЛАНДШАФТЫ (VI-X ҒҒ.).....131
Кабдушев Б.Ж., Кабдушева Л.Ж.
ҚАЗАҚСТАНҒА АРНАЙЫ ҚОНЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫ.....138
Кариев Е.М.
ЕУРАЗИЯ КӨНЕ ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІНІҢ БАСТАУЛАРЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МҰРАСЫ (ерте темір дәуірі және қазіргі заман).....144
Каринбаев Ж.Ә.
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БЕЛОРУС ЭТНОСЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ: ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН БҮГІНІ.....152
Картаева Т.Е., Оралбай Е.
ҚҰДЫҚ ҚАЗУ ІСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ҚҰДЫҚ ТҮРЛЕРІ (АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР БОЙЫНША).....163
Кәрібаев Б.Б.
XV Ғ. СОҢЫ МЕН XVI Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....180
Кәрібаев Б.Б., Ноғайбаева М.С.
XV Ғ. І ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ӘБІЛҚАЙЫР ХАНДЫҒЫНЫҢ ТАРИХЫНАН.....186
Қозғамбаева Г.Б.
ҰЛЫ ҒАЛЫМ, ГЕОЛОГ – ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВ.....193

Қозғамбаева Г.Б., Бейсегулова А.Қ.
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫНЫҢ МУЗЕЙІ.....198
Қозыбақова Ф.А.
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НАРЫҚ МЕХАНИЗМІНІҢ СОҢҒЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІНЕ ҚАРСЫ СТАЛИНДІК ЭКСТРЕМИСТІК САЯСАТ.....206
Қозыбақова Ф.А., Рвайдарова Г.О.
1921-1922 ЖЖ. ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖЕР-СУ РЕФОРМАСЫНА ЖАҢА КӨЗҚАРАС.....214
Майданали З.
ИМПЕРИЯЛЫҚ КОНФЕДЕРАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ КӨШПЕЛІ БІРЛЕСТІКТЕРІ (ТАРИХНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР).....222
Махаева А.Ш., Чаргынова Г.О.
ШЫҒЫС ТҮРКІСТАНДАҒЫ XIX ҒАСЫРДЫҢ 60-70 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ САЯСИ ҮДЕРІСТЕРДІҢ ҚАЗАҚТАР МЕН ҚЫРҒЫЗДАРҒА ЫҚПАЛЫ.....227
Мухамадеев Т.М., Мухадеева И.А., Капбасова Д.С.
Н. НАЗАРБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАУІПСІЗДІГІ, ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВТІЛІГІНІҢ ФЛАГМАНЫ РЕТІНДЕ.....239
Мұсағалиева А.С.
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ "АЛЖИР" ӘЙЕЛДЕР ЛАГЕРІНІҢ ТАРИХЫ: ТАРИХНАМА ЖӘНЕ МҰРАҒАТТЫҚ ДЕРЕКТЕР.....245
Нұртазина Н.Д.
VIII-X ҒҒ. ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА ТҮРКІ КӨШПЕЛІ ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАППАЙ ДАҒДАРЫСЫ ТУРАЛЫ.....255
Нұртазина Н.Д.
ҚАЗАҚСТАНДА ИСЛАМ ДІНІНІҢ ТАРАЛУЫ ФЕНОМЕНІНЕ ЖАҢА КӨЗҚАРАС.....260
Нұртазина Н.Д.
ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЕЖЕЛГІ ТАРИХЫ: ДІНДЕР, МӘДЕНИЕТТЕР, БАЙЛАНЫСТАР.....266
Омарбеков Т.О.
АЛТЫН ОРДА ХАНЫ ТОҚТАМЫСТЫҢ МӘСКЕУГЕ ЖОРЫҒЫ.....272
Өтепова Г.Е.
VIII Ғ. - XX Ғ. БАСЫ КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ БОЙЫНША ЗАҢНАМАЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДІ ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН.....280
Өтепова Г.Е.
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕР МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ XIX ҒАСЫРДАҒЫ ПАТША ЗАҢНАМАСЫ.....288
Өтепова Г.Е.
СІБІР КОМИТЕТІНІҢ МӘЛІМЕТТЕРІ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ.....297
Раздыков С.З.
СУБЭТНОСТЫҚ МӘДЕНИЕТ – ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕСКІ ДӘСТҮРДІ ҰСТАНУШЫЛАРЫ.....303
Садвокасова А.К., Кошман Т.В., Ракишева Б.И.
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЭТНОСАРАЛЫҚ, КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ТАРИХЫ, АСА ҮЛКЕН ЭТНОСТАР ТАРИХЫН ҚОСА АЛҒАНДА: НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАР.....316
Сайлан Б., Раушанбек Б.
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘСКЕРИ ӨНЕРІНДЕГІ БАТЫРЛАР ОБРАЗЫ.....330
Сайлан Б.
ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ УКРАИНАНЫ АЗАТ ЕТУ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІ МЕН ЕРЛІКТЕРІ.....335
Сыздықов С.М.
«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ: САЯСИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҒЫ.....340
Тасилова Н.А., Козгамбаева Г.
«ҚЫРҒЫЗДАРДЫҢ (ҚАЗАҚТАРДЫҢ) ЖЕР ПАЙДАЛАНУ МАТЕРИАЛДАРЫ...» - ҚАЗАҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕК КӨЗІ.....345
Телеуова Э.Т.
ДӘСТҮРЛІ ӨРКЕНИЕТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....351
Телеуова Э.Т.
КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ӘДЕТТІК ҚҰҚЫҚ ТАРИХЫНАН.....355
Толенова З.М., Кубеев Р.Д.
АКАДЕМИК М.К. ҚОЗЫБАЕВТЫҢ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ: ЖАҢА ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ.....360

Удербаева С.К.
ОРЫНБОР ҒЫЛЫМИ МҰРАҒАТ КОМИССИЯСЫНЫҢ «ЕҢБЕКТЕР» ЖИНАҒЫНДЫҒЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ КӨШПЕЛІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ.....365
Удербаева С.К.
ТҮРКІСТАН ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРЛЫҒЫ ҚАЗАҚ ШЕНЕУЛІГІНІҢ ҚЫЗМЕТІ МЕН ӨКІЛЕТТІЛІГІ.....380
Ускенбай К.
АҚ ОРДА: ҰЛЫС БІРЛЕСТІГІНЕН ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТКЕ.....392
Ускенбай К.
ДЕРЕККӨЗДЕРДЕГІ "ҚАЗАҚТАР" ЖӘНЕ "ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ" ТЕРМИНДЕРІ ТУРАЛЫ.....396
Хабижанова Г.Б.
ҚЫПШАҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ РОЛІ.....402
Хабижанова Г.Б., Сагинаева А.Н.
XI-XIII ҒҒ. ҚЫПШАҚТАРДЫҢ ОРЫС КНЯЗДІКТЕРІМЕН САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТАРЫ.....408
Шаймердинова Н.Г., Ярыгин С.А.
ҒҰН-САРМАТ ДӘУІРІНДЕГІ ОРТА АЗИЯ КӨШПЕНДІЛЕРІНІҢ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ БИЛЕУШІЛЕРДІҢ ТАҢБАЛАРЫ.....413
Шайхыгалиев Е.А., Изтелеуова Л.И., Елюбаев Р.Б., Ержанов Р.Р.
ЕРЕЙМЕНТАУ АУДАНЫНДАҒЫ ЖАҢА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ОБЪЕКТІЛЕРДІ АНЫҚТАУ МАҚСАТЫНДАҒЫ БАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ.....422

СОДЕРЖАНИЕ

Абдимомынов Н.Т.
А НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ПОЛИТИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ (1242-1269 гг.).....8
Алдажұманов Қ.С.
С КАРТОЧНАЯ СИСТЕМА СНАБЖЕНИЯ НАСЕЛЕНИЯ ПРОДОВОЛЬСТВИЕМ В КАЗАХСТАНЕ В ВОЕННЫЕ ГОДЫ (1941-1945) ……...…..20
Алмагамбетова А.М.
ИСТОРИКО-ДЕМОГРАФИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ КАЗАХСТАНА ЗА 1959 – 1970 ГГ.....28
Алпысбес М.
ДУХОВНОЕ И КУЛЬТУРНОЕ ИСТОРИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ ТЮРКСКОГО МИРА В УКРЕПЛЕНИИ ЕДИНСТВА НАРОДОВ В ПРОЦЕССЕ ГЛОБАЛИЗАЦИИ.....37
Асанова С.А.
ИСТОРИЧЕСКИЙ НАРРАТИВ - ИСТОЧНИК ИДЕНТИЧНОСТИ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНЕ.....48
Әбділдабекова А.М.
ОЦЕНКА КОЛОНИАЛЬНОГО ПЕРИОДА В ТРУДАХ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ НАЧАЛА XX ВЕКА.....53
Әбжанов Х.
АМАНАТ АКАДЕМИКА.....58
Әбубәкірова Ә.П.
ПРОБЛЕМЫ И ИТОГИ ПЕРЕГОВОРОВ ПО ФОРМИРОВАНИЮ КАЗАХСТАНСКО-КИТАЙСКОЙ ГРАНИЦЫ...64
Әділжанов Н.
ДЕМОКРАТИЧЕСКИЕ ТЕНДЕНЦИИ: КАК ФОРМАЦИОННОЕ И ЦИВИЛИЗАЦИОННОЕ ЯВЛЕНИЕ (ИСТОРИКО-ПОЛИТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ)…….. ……..72
Баудиярова К.Б.
МЕТОДЫ ИССЛЕДОВАНИЯ СТАБИЛЬНОСТИ СЕМЬИ…….....82
Егізбаева М.Қ., Бейсегулова А.Қ.
ЭТНОКУЛЬТУРА УЗБЕКСКИХ И КАРАКАЛПАКСКИХ НАРОДОВ….....89
Жайлыбаев Д.Ж.
ДОРЕВОЛЮЦИОННЫЕ ТРУДЫ ОБ ОБЫЧНОМ ПРАВЕ КАЗАХОВ…….....95
Жакин М.С.
БОРИ БАТЫР: МИФ И ФАКТ (опыт критического анализа)….....99
Жаппасов Ж.Е., Тасилова Н.А., Байдавлетова М.Д.
ПИСЬМЕННЫЕ ИСТОЧНИКИ ПО ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА И ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....113
Жетписбаев А.О.
ОСНОВНЫЕ ЭТАПЫ ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКИХ ИЗМЕНЕНИЙ В КАЗАХСТАНЕ В XIX-XX ВВ.: ПО МАТЕРИАЛАМ ПЕРЕПИСЕЙ НАСЕЛЕНИЯ.....122
Искакова Г.З., Байдавлетова М.Д.
ПРИРОДНЫЙ ЛАНДШАФТ ТЕРРИТОРИИ НАСЕЛЕННЫЙ ТЮРКСКИМИ ПЛЕМЕНАМИ (VI-X ВВ.).....131
Кабдушев Б.Ж., Кабдушева Л.Ж.
НАСИЛЬСТВЕННАЯ ДЕПОРТАЦИЯ В КАЗАХСТАН….....138
Кариев Е.М.
ИСТОКИ И КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ ДРЕВНЕТЮРКСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ ЕВРАЗИИ (ранний железный век и современность).....144
Каринбаев Ж.Ә.
ПРЕДСТАВИТЕЛИ БЕЛОРУССКОГО ЭТНОСА В КАЗАХСТАНЕ: ИСТОРИЯ ФОРМИРОВАНИЯ И НАСТОЯЩЕЕ……152
Картаева Т.Е., Оралбай Е.
РАЗВИТИЕ КОЛОДЕЗНОГО ДЕЛА И ЕГО РАЗНОВИДНОСТИ (ПО МАТЕРИАЛАМ АРХЕОЛОГИИ И ЭТНОГРАФИИ).....163
Кәрібаев Б.Б.
ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИИ КАЗАХСКОГО ХАНСТВО В КОНЦЕ XV- НАЧАЛЕ XVI ВВ…….....180
Кәрібаев Б.Б., Ноғайбаева М.С.
ИЗ ИСТОРИИ ХАНСТВА АБУЛХАЙЫРА В I-ПОЛОВИНЫ XV ВЕКА….....186
Қозғамбаева Г.Б.
ВЫДАЮЩИЙСЯ ГЕОЛОГ И УЧЕНЫЙ КАНЫШ ИМАНТАЙУЛЫ САТБАЕВ.....193

Қозғамбаева Г.Б., Бейсегулова А.Қ.
МУЗЕЙ ЖЕРТВ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ Г. ШЫМКЕНТ ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ.....198
Қозыбақова Ф.А.
ЭКСТРЕМИСТСКАЯ ПОЛИТИКА СТАЛИНА ПО ЛИКВИДАЦИИ ПОСЛЕДНИХ ЭЛЕМЕНТОВ МЕХАНИЗМА РЫНКА В КАЗАХСТАНЕ.....206
Қозыбақова Ф.А., Рвайдарова Г.О.
1921-1922 гг. НОВЫЙ ВЗГЛЯД НА ПРОВОДИМУЮ ЗЕМЕЛЬНО-ВОДНУЮ РЕФОРМУ…….....214
Майданали З.
ИМПЕРСКИЕ КОНФЕДЕРАЦИИ И КОЧЕВЫЕ ОБЪЕДИНЕНИЯ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ (ИСТОРИОГРАФИЯ ПРОБЛЕМЫ).....222
Махаева А.Ш., Чаргынова Г.О.
ВЛИЯНИЕ ПОЛИТИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ В ВОСТОЧНОМ ТУРКЕСТАНЕ В 60-70 ГГ. XIX ВЕКА НА КАЗАХОВ И КЫРГЫЗОВ…….....227
Мухамадеев Т.М., Мухадеева И.А., Капбасова Д.С.
ТРУДЫ Н. НАЗАРБАЕВА КАК ФЛАГМАНА ГОСУДАРСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ, СОТРУДНИЧЕСТВА И ПЕРСПЕКТИВНОСТИ КАЗАХСТАНА…….....239
Мұсағалиева А.С.
ИСТОРИЯ ЖЕНСКОГО ЛАГЕРЯ "АЛЖИР" В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ: ИСТОРИОГРАФИЯ И АРХИВНЫЕ ДАННЫЕ…….245
Нұртазина Н.Д.
О СИСТЕМНОМ КРИЗИСЕ ТЮРКСКОГО КОЧЕВОГО ОБЩЕСТВА ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В КОНЦЕ VIII-X ВВ……255
Нұртазина Н.Д.
НОВЫЙ ВЗГЛЯД НА ФЕНОМЕН ИСЛАМИЗАЦИИ КАЗАХСТАНА…….....260
Нұртазина Н.Д.
ДРЕВНЯЯ ИСТОРИЯ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: РЕЛИГИИ, КУЛЬТУРЫ, КОНТАКТЫ…….....266
Омарбеков Т.О.
ПОХОД ХАНА ЗОЛОТОЙ ОРДЫ ТОХТАМЫША НА МОСКВУ.....272
Өтепова Г.Е.
ИЗ ОПЫТА ИЗУЧЕНИЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫХ ИСТОЧНИКОВ ПО ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА VIII-НАЧАЛА XX ВЕКА…….....280
Өтепова Г.Е.
ЦАРСКОЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО XIX ВЕКА О ЗЕМЕЛЬНОМ ВОПРОСЕ В КАЗАХСТАНЕ.....288
Өтепова Г.Е.
МАТЕРИАЛЫ СИБИРСКОГО КОМИТЕТ КАК ИСТОЧНИК ИЗУЧЕНИЯ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА В СОСТАВЕ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ…….....297
Раздыков С.З.
СУБЭТНИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА - СТАРОВЕРЫ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА…….....303
Садвокасова А.К., Кошман Т.В., Ракишева Б.И.
ИСТОРИЯ МЕЖЭТНИЧЕСКИХ, МЕЖКОНФЕССИОНАЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН, ВКЛЮЧАЯ ИСТОРИЮ НАИБОЛЕЕ КРУПНЫХ ЭТНОСОВ: ОСНОВНЫЕ ИТОГИ….....316
Сайлан Б., Раушанбек Б.
ОБРАЗ ГЕРОЕВ В ВОЕННОМ ИСКУССТВЕ КАЗАХСКОГО НАРОДА.....330
Сайлан Б.
ПОДВИГИ ГЕРОИЗМ КАЗАХСТАНЦЕВ В БОРЬБЕ ЗА ОСВОБОЖДЕНИЕ УКРАИНЫ…….....335
Сыздықов С.М.
ИДЕЯ "МӘҢГІЛІК ЕЛ": ПОЛИТИКО-ФИЛОСОФСКИЕ ОСНОВЫ И ИСТОРИЧЕСКАЯ ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ.340
Тасилова Н.А., Козгамбаева Г.
«МАТЕРИАЛЫ ПО КИРГИЗСКОМУ ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЮ...» КАК ИСТОЧНИК ПО ХОЗЯЙСТВЕННО-ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСКИХ ХОЗЯЙСТВ.....345
Телеуова Э.Т.
СОЦИАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ В ТРАДИЦИОННОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ.....351
Телеуова Э.Т.
ИЗ ИСТОРИИ ОБЫЧНОГО ПРАВО КОЧЕВНИКОВ.....355
Толенова З.М., Кубеев Р.Д.
ВКЛАД АКАДЕМИКА М.К. КОЗЫБАЕВА В ИЗУЧЕНИЕ ИСТОРИЧЕСКИХ ЛИЧНОСТЕЙ: НОВОЕ И ТРАДИЦИОННОЕ.....360

Удербаева С.К.
ОТРАЖЕНИЕ ИСТОРИИ КОЧЕВЫХ НАРОДОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В «ТРУДАХ» ОРЕНБУРГСКОЙ УЧЕНОЙ АРХИВНОЙ КОМИССИИ…….....365
Удербаева С.К.
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ПОЛНОМОЧИЯ КАЗАХСКОГО ЧИНОВНИЧЕСТВА ТУРКЕСТАНСКОГО ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРСТВА……..…380
Ускенбай К.
АК-ОРДА: ОТ УЛУСНОГО ОБЪЕДИНЕНИЯ К НЕЗАВИСИМОМУ ГОСУДАРСТВУ.....392
Ускенбай К.
О ТЕРМИНАХ «КАЗАХИ» И «КАЗАХСКОЕ ГОСУДАРСТВО» В ИСТОЧНИКАХ…….....396
Хабижанова Г.Б.
КИПЧАКИ И ИХ РОЛЬ В ФОРМИРОВАНИИ КАЗАХСКИХ ПЛЕМЕН…….....402
Хабижанова Г.Б., Сагинаева А.Н.
ТОРГОВО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И КУЛЬТУРНЫЕ ВЗАИМООТНОШЕНИЯ КЫПЧАКОВ С РУССКИМИ КНЯЖЕСТВАМИ В XI-XIII ВВ.....408
Шаймердинова Н.Г., Ярыгин С.А.
СИМВОЛЫ ВЛАСТИ В КУЛЬТУРЕ КОЧЕВНИКОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ ГУННО-САРМАТСКОГО ВРЕМЕНИ…….....413
Шайхыгалиев Е.А., Изтелеуова Л.И., Елюбаев Р.Б., Ержанов Р.Р.
АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ РАЗВЕДОЧНЫЕ РАБОТЫ ПО ВЫЯВЛЕНИЮ НОВЫХ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ОБЪЕКТОВ ЕРЕЙМЕНТАУСКОГО РАЙОНА.....422

CONTENTS

Abdimomynov N.T.
SOME PROBLEMS OF THE POLITICAL HISTORY OF THE GOLDEN HORDE (1240-1269)….....8
Aldazhumanov K.S.
CARD SYSTEM IN PROVIDING FOOD TO THE POPULATION
OF KAZAKHSTAN DURING THE WAR (1941-1945)…….…….20
Almagambetova A.M.
ИHISTORICAL AND DEMOGRAPHIC ANALYSIS OF TURKIC PEOPLES OF KAZAKHSTAN FOR 1959 - 1970.....28
Alpısbes M.
HERITAGE OF SPIRITUAL AND CULTURAL HISTORY OF THE TURKIC WORLD IN STRENGTHENING THE UNITY OF PEOPLES IN THE PROCESS OF GLOBALIZATION.....37
Asanova S.A.
HISTORICAL NARRATIVE - THE SOURCE OF IDENTITY IN MODERN KAZAKHSTAN…….....48
Abdildabekova A.M.
EVALUATION OF THE COLONIAL PERIOD IN THE WORKS
OF THE KAZAKH INTELLIGENTSIA OF EARLY XX CENTURY.....53
Abzhanov Kh.
ACADEMICIANS TRUST.....58
Abubakirova A.P.
PROBLEMS AND RESULTS OF NEGOTIATIONS ON FORMATION
OF THE KAZAKHSTAN-CHINESE BORDER……..64
Adilzhanov N.
DEMOCRATIC TRENDS: AS A FORMATIVE AND CIVILIZATIONAL PHENOMENON (HISTORICAL AND POLITICAL ASPECT)……..……..……..72
Baudiyarova K.B.
RESEARCH METHODSOF STABILITY OF THE FAMILY…….....82
Yegizbaeva M.K.,Beisegulova A.K.
ETHNO-CULTURE OF THE UZBEK AND KARAKALPAK PEOPLES..….....89
Zhailybayev D.Zh.
PREREVOLUTIONARY PROCEEDINGS OF CUSTOMARY LAW KAZAKHS……..…….....95
Zhakin M.S.
BORI BATYR: MYTH AND FACT (critical analysis experience)….....99
Zhappasov Zh.E., Tasilova N.A., Baydavletova M.D.
SOURCES ON THE HISTORY OF KAZAKHSTAN AND CENTRAL ASIA…….....113
Zhetpisbayev A.O.
THE MAIN STAGES OF ETHNODEMOGRAPHIC CHANGES IN KAZAKHSTAN IN 19th - 20th CENTURIES: BASED ON THE POPULATION CENSUS MATERIALS.....122
Iskakova G.Z., Baydavletova M.D.
THE NATURAL LANDSCAPE OF THE TERRITORY INHABITED BY TURKIC TRIBES (VI-X CENTURIES.).....131
Kabdushev B.Zh., Kabdusheva L.Zh.
THE FORCED DEPORTATION IN KAZAKHSTAN…….....138
Kariyev Y.M.
THE ORIGINS AND CULTURAL HERITAGE OF THE ANCIENT TURKIC CIVILIZATION OF EURASIA
(early iron age and the present).....144
Karinbayev Zh.A.
REPRESENTATIVES OF THE BELORUSSIAN ETHNOS IN KAZAKHSTAN: HISTORY OF FORMATION
AND CURRENT STATUS……152
Kartaeva T.E., Oralbai Y.
THE DEVELOPMENT OF BUSINESS IN THE WELL AND ITS VARIANTS
(MATERIALS OF ARCHEOLOGY AND ETHNOGRAPHY).....163
Karibaev B.B.
THE PROBLEMS OF THE HISTORY OF KAZAKH KHANATE AT THE END OF
XV- IN THE BEGINNING OF XVI CENTURIES……180
Karybaev B.B., Nogaibayeva M.
FROM THE HISTORY OF THE KHANATE ABULKAYYR IN THE I-HALF OF THE XV CENTURY…….....186

Kozgambaeva G.B.
OUSTANDING GEOLOG VERSUS SCIENTIST KANYSH IMANTAEVICH SATBAYEV.....193
Kozgambayeva G.B., Beisegulova A.K.
MUSEUM OF VICTIMS OF POLITICAL REPRESSION IN SHYMKENT, SOUTH KAZAKHSTAN REGION.....198
Kozybakova F.A.
EXTREMIST POLITICS OF STALIN AGAINST LAST ELEMENTS
OF MARKET MECHANISM IN KAZAKHSTAN.....206
Kozybakova F.A., Rvaydarova G.O.
1921-1922 A NEW APPROACH TO THE LAND AND WATER REFORM CARRIED OUT…….....214
Maydanali Z.
IMPERIAL CONFEDERATIONS AND NOMADIC ASSOCIATIONS OF CENTRAL ASIA
(HISTORIOGRAPHY OF PROBLEM).....222
Mahaeva A.Sh., Chargynova G.O.
EFFECT OF POLITICAL PROCESSES IN EAST TURKESTAN IN 60-70 YEARS.
XIX CENTURY IN THE KAZAKHS AND KYRGYZ…….....227
Mukhamadeev T.M., Mukhadeeva I.A., Kapbasova D.S.
WORKS OF N. NAZARBAYEV AS A FLAGSHIP OF STATE SECURITY,
COOPERATION AND PROSPECTS OF KAZAKHSTAN…….....239
Musagalieva A.S.
HISTORY OF THE WOMEN'S CAMP "ALGERIA" IN NORTHERN KAZAKHSTAN: HISTORIOGRAPHY AND ARCHIVAL DATA…….245
Nurtazina N.D.
ON THE SYSTEMATIC CRISIS OF THE TURKIC NOMADIC SOCIETY
OF CENTRAL ASIA AT THE END OF VIII-X CENTURIES……...……255
Nurtazina N.D.
A NEW APPROACH TO THE PHENOMENON OF ISLAMIZATION OF KAZAKHSTAN…….....260
Nurtazina N.D.
HISTORY OF ANCIENT CENTRAL ASIA: RELIGIONS, CULTURES, CONTACTS…….....266
Omarbekov T.O.
CAMPAIGN OF GOLDEN HORDE KHAN TOKHTAMYSH TO MOSCOW.....272
Otepova G.E.
FROM THE EXPERIENCE OF STUDYING LEGISLATIVE SOURCES ON THE HISTORY
OF KAZAKHSTAN VIII-EARLY XX CENTURY……...……....280
Otepova G.E.
TSARIST LEGISLATION OF THE XIX CENTURY ON THE LAND ISSUE IN KAZAKHSTAN.....288
Otepova G.E.
PROCEEDINGS OF THE SIBERIAN COMMITTEE, AS A SOURCE FOR STUDYING THE HISTORY OF KAZAKHSTAN IN THE RUSSIAN EMPIRE…….....297
Razdykov S.
SUBETHNIC CULTURE - OLD BELIEVERS OF THE EASTERN KAZAKHSTAN...…….....303
Sadvokassova A., Koshman T., Rakisheva B.
HISTORY OF INTER-ETHNIC, INTER-RELIGIOUS RELATIONS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN, INCLUDING THE HISTORY OF THE LARGEST ETHNIC GROUPS: THE MAIN OUTCOMES….....316
Sailan B., Raushanbek B.
THE HEROES CHARACTER IN MILITARY ART OF THE KAZAKH NATION.....330
Sailan B.
HEROISM OF KAZAKHSTAN CITIZENS IN FIGHT FOR INDEPENDENCE OF UKRAINE…….335
Syzdykov S.M.
THE IDEA OF" MANGILIK EL": POLITICAL AND PHILOSOPHICAL
FOUNDATIONS AND HISTORICAL CONTINUITY…….340
Tasilova N.A., Kozgambaeva G.
"MATERIALS ABOUT KYRGYZ LAND USE ..." AS THE SOURCE ON HOUSEHOLD-ECONOMICAL
HISTORY OF KAZAKH ECONOMY.....345
Teleuova E.
SOCIAL FEATURES ARE IN TRADITIONAL CIVILIZATION…….....351
Teleuova E.
FROM HISTORY OF NOMADIC CUSTOMARY LAW.....355

Tolenova Z.M., Kubeyev R.D.
THE CONTRIBUTION OF THE ACADEMICIAN M.K. KOZYBAYEV IN HISTORICAL FIGURES STUDIES: THE NEW AND THE TRADITIONAL.....360
Uderbaeva S.K.
REFLECTION OF THE HISTORY OF THE NOMADIC PEOPLES OF CENTRAL ASIA IN THE "PROCEEDINGS" OF THE ORENBURG SCIENTIFIC ARCHIVAL COMMISSION…….....365
Uderbaeva S.K.
ACTIVITIES AND POWERS OF KAZAKH OFFICIALS TURKESTAN GOVERNOR-GENERAL……380
Uskenbai K.
AK-ORDA: FROM A ULUS ASSOCIATION TO AN INDEPENDENT STATE…….....392
Uskenbai K.
ABOUT THE TERMS "KAZAKHS" AND "KAZAKH STATE" IN THE SOURCES…..…….....396
Habizhanova G.B.
KIPCHAKS ROLE IN KAZAKH TRIBES FORMATION……..…….....402
Khabizhanova G.B., Saginayeva A.N.
TRADE-ECONOMIC AND CULTURAL RELATIONS OF KIPCHAKS WITH THE RUSSIAN PRINCIPALITIES IN THE XI-XIII CENTURIES.....408
Shaymerdenova N.G., Yaryghin S.A.
SYMBOLS OF POWER IN THE CULTURE OF CENTRAL ASIAN NOMADS (HUN-SARMATIAN PERIOD)……413
Shaikhygaliev E.A., Izteleuova L.I., Elyubaev R.B., Yerzhanov R.R.
ARCHAEOLOGICAL PROSPECTING WORKS ON IDENTIFICATION OF NEW ARCHAEOLOGICAL OBJECTS OF EREYMENTAU DISTRICT…….....422

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2016. 4(8)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 15.12.2016.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: https://edu.e-history.kz

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй